

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 18 маусым

KASE ресми тізіміне iShares Bitcoin Trust ETF (IBIT_KZ) қосты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) IBIT_KZ тикерімен iShares Bitcoin Trust ETF биржалық инвестициялық қорының бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізілгенін хабарлайды.

Жаңа листинг KASE-дегі инвесторларға споттық ETF арқылы биткоин бағасының өзгерісіне тікелей қатысуға мүмкіндік береді. Әлемдегі ең ірі инвестициялық компаниялардың бірі – BlackRock басқаруындағы бұл құрал криптовалютаның споттық құнын көрсетеді және цифрлық активті тікелей сатып алмай-ақ әрі оны өз бетінше сақтамай-ақ оның бағасының өзгерісіне қатысуға мүмкіндік береді.

Негізгі параметрлері:

- KASE-дегі тикері: IBIT_KZ;
- базалық актив: биткоинның (Bitcoin) споттық бағасы;
- басқарушы компания: BlackRock;
- негізгі листинг: NASDAQ (тикері IBIT);
- шығарылымды тіркеу: SEC (АҚШ);
- басқарушының комиссиясы: 0,25%;
- сауда-саттықтың орташа шығыны: ~0,02%;
- KASE-дегі айналысқа шығару бастамашысы: "Фридом Финанс" АҚ;
- айналысқа шығару режимі: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының шешімімен енгізілген ерекше реттеу режимі, ол жасалатын барлық мәміленің Қазақстан Республикасы заңнамасына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- сауда-саттыққа қол жеткізу: сауда-саттыққа тек KASE-нің уәкілетті брокер-қатысушылары арқылы білікті инвесторлар қатыса алады. Қазіргі сәтте бұл тізімге биржаның 13 мүшесі – брокерлік компания кіреді.

"Базалық актив ретінде криптовалютаны тікелей пайдаланатын алғашқы құралдың листингі – отандық капитал нарығы үшін маңызды оқиға, – деп атап өтті **KASE Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов**. – Жеке инвесторлар инвестициялық стратегиясын таңдайтын кезде нарықтың жоғары құбылмалылық тәуекелдерін естен шығармауы қажет. Сонымен қатар біз бұл қадамды Қазақстандағы криптоактивтердің "көлеңкелі" және заңсыз айналымына елеулі балама ретінде қарастырамыз. KASE-де осындай бағалы қағаздарды сатып алатын тұлғалар заңнама талаптарына толық сәйкес әрекет етеді және олардың құнының өсуінен алынатын мүлдіктік табысқа қатысты Салық кодексінде көзделген жеңілдіктерді пайдалана алады".

Қаржы нарығы үшін маңызы: IBIT_KZ листингі KASE-дегі білікті инвесторларға халықаралық деңгейде танылған ETF арқылы биткоинмен жұмыс істеудің заңды, айқын және қатаң реттелетін тәсілін ұсынады. Бұл оқиға – жергілікті капитал нарығын жаһандық қаржы құралдарымен интеграциялау жолындағы маңызды қадам, сондай-ақ ол ел ішіндегі цифрлық активтермен

жасалатын көлеңкелі және заңсыз операциялардың үлесін азайтуға ықпал етеді. Сонымен бірге криптовалюта нарығына тән жоғары құбылмалылыққа байланысты KASE инвесторлардан инвестициялық шешімді байыппен қабылдау қажет екеніне назар аударуды сұрайды.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру жөнінен FEAS биржалары арасында төртінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша). Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.